

жуады және этанолмен (≈ 5 мл) натрийдің қалдықтарын жою үшін өңдейді. Сүзіндіден толуол мен спиртті айдайды, ал қалдығын мұзда салқындатады. Тазартылмаған 34 г өнім алынады; қайта кристалдандырудан (этанол) кейін 28,9 г (28%) трифенилфосфин алынады, бал.т. 79-80°C.

Үш-қ-бутилфосфинді синтездеу

PBu₃


C₁₂H₂₇P

M = 202,32

Қай.т. 149,5⁰C/50 мм рт.ст.

Түссіз, сарымсақ иісті пирофорлы сұйықтық. Сумен араласпайды, бірақ көптеген органикалық еріткіштермен араласады. Триалкилфосфиндер ауада тотығады; три-қ-бутилфосфиндер бұл қатардың ең тұрақты қосылыстары, сондықтан да жиі қолданылады. Три-қ-бутилфосфин ерітінділерін ауада қайнатқан кезде, три-қ-бутилфосфиноксид түзіледі.

Алынуы [35]



150 мл эфирдегі 10 г магний жаңқаларына йод түйіршіктерін салып, инертті газ атмосферасында 3 сағат бойы 100 мл абсолюттік эфирдегі 42 мл бутилбромидтің ерітіндісін тамызады. Алынған қ-бутилмагнийбромид ерітіндісін 0°C дейін салқындатады, оған тамшылатып, 50 мл эфирдегі жаңа айдалған PCl₃ 9 мл қосады. Содан соң, реакциялық массаны араластыра отырып, тағы 0,5 сағат қыздырады, мұз-тұз қоспасымен салқындатады және абайлап 250 мл судағы 50 г аммоний хлоридінің ерітіндісін қоса отырып, ажыратады. Органикалық қабатты бөліп, сусыз Na₂SO₄ кептіреді, ал эфирді аргон атмосферасында айдайды. Қалдықты вакуумде айдайды, ол кезде капиллярға аргон жібереді. Нәтижесінде 11 г (50%) три-қ-бутилфосфин алынады.